

Костряков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 24 "Костряков селолық округінің Курск селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Костряков ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 маусымда № 4835 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Костряков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Костряков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 24 "Костряков селолық округінің Курск селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-90 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы, Костряков селолық округі, Курск селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** : "

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

С. Андренко

К о с т р я к о в а у ы л д ы қ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК